**Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаған кезде қолданылатын айыппұл санкцияларының мөлшері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 27 ақпандағы N 206. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап Теміржол жарғысының тиісті баптарында көзделген айыппұл санкцияларының ставкалары мына мөлшерде белгіленсін:

50-бапқа сәйкес темір жолдың вагондарды беру мен тазалауды кідірткені үшін - әр вагон үшін сағатына 8 теңге;

104-бапқа сәйкес контейнерлерді тікелей аралас қатынас тасымалы кезде белгіленген мерзімнен артық кешіктіргені үшін, брутто салмағы 5 тоннадан артық контейнерді кідірткен әр тәулігі үшін- 27 теңге, брутто салмағы 5 тонна және одан кем болса - 4 теңге;

118-бапқа сәйкес жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны және вагондардың бос тұрғаны үшін:

тасымалдау тоннамен және вагонмен жоспарланатын жүктер бойынша әр тоннасына - 13,5 теңге;

тасымалдау тек вагонмен жоспарланатын жүктер бойынша вагонына 675 теңге;

контейнермен тасымалданатын жүктер бойынша:

брутто салмағы 30 т. контейнер үшін 405 теңге,

брутто салмағы 20 т. контейнер үшін 270 теңге,

брутто салмағы 10 т. контейнер үшін 135 теңге,

брутто салмағы 5 т. контейнер үшін 68 теңге,

брутто салмағы 3 т. контейнер үшін 40 теңге,

брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін 20 теңге.

Жүктерді тікелей аралас темір жол-автомобиль қатынасымен тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін темір жолдар мен автокөлік кәсіпорындары әр тоннасына - 1,35 теңгеден айыппұл төлейді.

Вагондарды тиеу және түсіру кезінде тораптық келісімде белгіленген мерзімнен артық кешіктіргені үшін, сондай-ақ ауыстыратын станцияға келген жүгі бар вагондарды қабылдауды кідірткені үшін кеме мекемесі, порт, айлақ

айыппұл төлейді. Кәдімгі вагондарды (жабық вагон, төбесі ашық вагон, жайдақ вагон) кідірткен кезде, әр вагон үшін сағатына - 5,5 теңге.

118-бапқа сәйкес, кемеден түсірілмеген жүктің әр тоннасына өзі жүретін кеменің босқа тұрғаны үшін тәулігіне - 5,5 теңге, өзі жүрмейтін кеме үшін - 2,75 теңге.

144-бапқа сәйкес жүк тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін:
тасымалдау тоннамен және вагонмен жоспарланатын жүктер бойынша - әр тоннасы үшін 13,5 теңге;
тек вагонмен жоспарланса - әр вагон үшін 675 теңге; контейнермен жоспарланса:
брутто салмағы 30 тонна контейнер үшін 405 теңге;
брутто салмағы 20 тонна контейнер үшін 270 теңге;
брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 135 теңге;
брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 68 теңге;
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 40 теңге;
брутто салмағы 3 тоннадан аз контейнер үшін 20 теңге.

Жүктерді белгіленген жолдармен тасымалдау жоспарын орындамағаны үшін:
тасымалдау тоннамен және вагонмен жоспарланатын жүктер бойынша - әр тоннасы үшін 4 теңге;
тек вагонмен жоспарланса - әр вагон үшін 270 теңге; контейнермен жоспарланса:
брутто салмағы 30 тонна контейнер үшін 120 теңге,
брутто салмағы 20 тонна контейнер үшін 80 теңге,
брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін 40 теңге,
брутто салмағы 5 тонна контейнер үшін 20 теңге,
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін 12 теңге,
брутто салмағы 3 тоннадан аз контейнер үшін 6 теңге.

Маршрутқа тиеуді қамтамасыз етпегені үшін - әр маршрутқа 1000 теңге:

155-бапқа сәйкес құжатта жүктің атын дұрыс көрсетпегені үшін:
вагонмен жөнелткенде әр вагон үшін - 200 теңге, контейнермен жөнелткенде - әр контейнер үшін 27 теңге, ұсақ-түйектерді жөнелткенде - әр контейнер үшін 27 теңге, ұсақ-түйектерді жөнелткенде әр жөнелту үшін - 27 теңге.

155-бапқа сәйкес жалпы жүйелік парктің вагондары мен контейнерлерін темір жолдың рұқсатынсыз пайдаланғаны үшін тәулігіне:
әр вагонға - 675 теңге, әр контейнерге - 340 теңге;

156-бапқа сәйкес вагондарды белгіленген мерзімінен артық ұстағаны үшін:
1-6 сағат бос тұрса - әр вагон үшін сағасына 8 теңге,

7-12 сағат бос тұрса - әр вагон үшін сағатына 16 теңге,
13-18 сағат бос тұрса - әр вагон үшін сағатына 24 теңге,
18 сағаттан артық бос тұрса, әр вагон үшін сағатына 40 теңге.

156-бапқа сәйкес салынып жатқан жол желілерінде вагондардың жұмыс паркінің белгіленген нормаларынан артық кідірткені үшін:

кәдімгі вагон үшін сағатына - 4 теңге, арнаулы вагон үшін сағатына - 8 теңге, рефрижератор вагон үшін сағатына - 12 теңге.

157-бапқа сәйкес контейнерлерді белгіленген нормадан артық кідірткені үшін:

брутто салмағы 30 тонна контейнер үшін сағатына 12 теңге,
брутто салмағы 20 тонна контейнер үшін сағатына 8 теңге,
брутто салмағы 10 тонна контейнер үшін сағатына 4 теңге,
брутто салмағы 3 тонна контейнер үшін сағатына 1 теңге
брутто салмағы 3 тоннадан кем контейнер үшін сағатына 0,5 теңге.

159-бапқа сәйкес вагондар мен контейнерлерге салмаған немесе көлемін аз етіп жүк тигені үшін:

вагонның техникалық немесе жүк көтерімділік нормаларына жеткізілмеген әрбір толық 100 кг үшін - 13,5 теңге;

толық сыйымдылығына жеткізілмей, жүк тиелген әрбір вагон үшін - 270 теңге.

161-бапқа сәйкес тазартылмаған жылжымалы құрамды жүк тиеуге кәдімгі вагон үшін - 200 теңге арнаулы вагон үшін - 400 теңге;

163-бапқа сәйкес кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің иелігіндегі немесе олар жалға алған вагондар мен контейнерлерді темір жол өз бетінше алып қойса:

вагон үшін - 675 теңге,
контейнер үшін - 340 теңге.

2. Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде айыппұл мөлшерін арттыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші қосымшаға сәйкес жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 27 ақпандағы
N 206 қаулысына
Қосымша

**Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау кезіндегі айыппұл мөлшерін арттыру жөніндегі Қазақстан**

**Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің**

**ТІЗБЕСІ**

1. "Теміржол Жарғысында көзделген айыппұл мөлшерін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 28 тамыздағы N 721 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 34, 522-бап).

2. "Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезіндегі айыппұл мөлшерін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 наурыздағы N 196 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы 1993 ж., N 8, 95-бап).

3. "Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау кезіндегі айыппұл мөлшерін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 975 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., N 40, 468-бап).

4. "Теміржол көлігімен жүктері тасымалдау кезіндегі айыппұл мөлшерін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 наурыздағы N 278 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1994 ж.,N 14, 135-бап).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК